

Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық ғылыми онкология орталығын салу шеңберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алынатын тұлғаларды айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 7 маусымдағы № 383 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 5б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық ғылыми онкология орталығын салу шеңберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алынатын тұлғалар айқындалсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 7 маусымдағы
№ 383 қаулысына
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық ғылыми онкология орталығын салу шеңберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алынатын тұлғалар

Р/с №	Жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің атауы	Өнім берушінің атауы	БСН
1	Құрылыс-монтаждау жұмыстары	"B&A Contractors SA" компаниясы	140850001841
2	Жобаны басқару бойынша инжинирингтік қызметтер (оның ішінде техникалық қадағалау)	"Делойт ТСФ" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	060740004890